



**ЧЕРНОБИЛЬ Т.**  
**адам құқығы бойынша халықаралық**  
**құқық жөніндегі тәуелсіз кеңесші**

## **Қазақстандағы азаптан, зорлық-зомбылықтан қорғаудың процессуалдық кепілдіктері<sup>1</sup>**

### **Кіріспе**

Азаптаудан қорғау кепілдіктері мемлекеттің «позитивтік міндеттемелері» деп аталатын жауапкершіліктер қатарына жатады, аталған жауапкершілікке сәйкес мемлекет азаптау әрекеттерін пайдаланбауға ғана емес («негативтік міндеттеме»), сондай-ақ БҰҰ Конвенциясының 2-бабына сай өзінің юрисдикциясындағы кез-келген территорияда азаптау әрекеттерінің алдын алуға бағытталған және азаптауға<sup>2</sup> қарсы «тиімді заңнамалық, әкімшілік, сот және басқа да шараларды атқаруға келіседі».

Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау кепілдігі әрбір тұлғаның абыройға, ар-намысына және жеке басқа қол сұқпауға қатысты құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Абырой, ар-намыс құқығы азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактінің Преамбуласында<sup>3</sup> айтылған, ал Қазақстанда – Конституцияның 17-бабында қарастырылған, онда адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне тыйым салынғандық атап көрсетілген. Жеке тұлғағаның қадір-қасиеттеріне қол сұқпау құқығы азаматтық және саяси құқықтар бойынша Халықаралық пактінің 9-бабында қарастырылған және Қазақстанда қылмыстық және әкімшілік үрдістер қағидатымен кепілденген.

Бұл жұмыста Қазақстандағы азаптау, зорлық-зомбылық жасаудың неғұрлым жиі кездесетін жағдайлары қарастырылған. Зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайтын тұлғалардың құқықтары осындай жағдайдағы билік өкілетінің құқықтарымен салыстырылған. Ұсыныстар жасалған. Бұл жұмыста зорлық-зомбылық жағдайларының барлығы қамтылмаған, тек кең тараған жағдайлары талданған және «Заңдағы қандай кемшіліктер зорлық-зомбылықтың орын алуына соқтырады?» деген сұраққа жауап ізделген. Басты ұсынымдар – заңнамалардағы «ойықтармен» күресу, «құқықсыздық» оқиғаларына жол бермеу, тұлға мемлекетке мәжбүрлі



Посольство  
Великобритании  
Астана

<sup>1</sup> Осы сарапшылық қорытынды Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі қаржылық қолдауымен дайындалған. Жариялаудың материалдары Қазақстанда Ұлыбританияның елшілігі ресми пікірлерді міндетті емес бейнелеп көрсетеді.

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, «29» маусым, 1998 жыл. № 247.

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, «28» қараша, 2005 жыл. № 91-III.

немесе еріксіз түрде тәуелді болғанда зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдіктерінің үдетілуін қарастыру.

## **I. Зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігінің әрекет аясы. Халықаралық стандарттар**

Азаптаудан қорғау кепілдіктері мемлекет тарапынан оның лауазымды тұлғалары немесе ресми түрде әрекет етушілер тарапынан олардың азғырумен, болмаса салғырттықтары барысындағы әрекеттерімен адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне қауіп төнетін барлық жағдайларға қатысты беріледі, егер мұндай қауіп орындаушы көздеген белгілі бір мақсат негізінде пайда болса, демек азаптау мақсатында немесе мақсатсыз түрде. Соңғы жағдайда адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне айтылады.

Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінен (әрі қарай мәтін бойынша - Азаптау<sup>4</sup>) қорғау кепілдігі БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясының<sup>5</sup> 1-бабына сай пайда болатын дербес қол сұқпау құқығы мен ар-намысқа, қадір-қасиетке келетін нұқсанға ғана қатысты емес, «заңды санкциялар нәтижесінде аталған санкциялардан ажыратылмайды немесе кездейсоқ туындайды». Соған қоса «заңды санкциялар» ұғымы БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясына жасалған Түсініктемелерге<sup>6</sup> сай тиісті тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлі ықпал етуді білдіреді, ұлттық түрлерін санамағанда, бұл халықаралық стандарттарда да қарастырылған, мысалы Бас бостандығынан айырылғандарға қатысты әрекеттердің минималды стандартты ережелері<sup>7</sup> немесе қандай да болмасын үлгіде қамалғандар мен тұтқындалған тұлғаларды қорғау Қағидаттарына<sup>8</sup> сай. Осындай заңды санкциялардың мысалы ретінде тұлғаны сот шешімімен қамауға алуды немесе қамалған тұлғаны тәртіптік жауапкершілік шарасы ретінде қысқа мерзімге жеке қамауға алуды айтуға болады. Мұндай жағдайларда тұлғаның қадір-қасиетіне қол сұқпау құқығының және ар-намысының зардап шегетіндігі сөзсіз, бұл жағдайда БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясының 1 және 16-баптарынан да бас тарту орынды болып саналса да, аталған Конвенцияның 2-бабының талабы - «қандай да болмасын ерекше жағдайлар азаптауға жол бермейді»<sup>9</sup> сақталады.

Адамның жеке басының мүддесі, демек физикалық және психикалық тұтастығына мемлекет тарапынан болатын әрекеттік немесе әрекетсіздік салдарынан<sup>10</sup> қауіп төнетін жағдайларда

<sup>4</sup> Осы жұмыс төңірегінде қысқартылып алынған «азаптау» ұғымы БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясының 16-бабында тыйым салынған адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлері ұғымының орнына айтылады.

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, «29» маусым, 1998 жыл. № 247.

<sup>6</sup> Manfred Nowak and Elizabeth McArthur. UN Convention against Torture. A Commentary. New York City: Oxford University Press, 2008, б. 79-85.

<sup>7</sup> БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесінің резолюциясымен мақұлданған, 663 С (XXIV) резолюциясы, «31» шілде, 1957 жылғы және 2076 (LXII) «13» мамыр, 1977 жылғы.

<sup>8</sup> БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл.

<sup>9</sup> БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясының 2-бабы. Конвенция Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған, «29» маусым, 1998 жыл. № 247.

<sup>10</sup> БҰҰ Комитетінің азаптауға қарсы №2 жалпы Ережесіне жасаған Түсініктемесіне сай (төмендегі 12 қараңыз) «мемлекеттің араласпауы жеке тұлғаларға келетін нұқсан мен төнетін қауіпті туындатады және үдетеді», бұл «мақұлдаудың немесе де-факто қолдаудың бір түрі болып саналады» (төмендегі 12, 18-т. қараңыз).

дағды бойынша қауіптің себебі билікке бағынушылық әсерінен туындайды, демек адамның билік өкіліне немесе өкілдеріне, болмаса үшінші тұлғалардың айқын немесе жасырын ықпалына бағынышты болатын кезде туындайды. Мұндай жағдайларға ең алдымен жедел іздестіру жұмыстарын, қылмыстық қуғындау немесе әкімшілік іс өндірісін орындау және түрлі жазалау амалдарын жүзеге асыру жатады, мәселен: қамауға алу; тінту; қарулы күзетке алу және қамауға жабу; айыпталушының, сезіктінің қатысуымен тергеу амалдарын орындау, соның ішінде тексеру-тергеу әрекеттері де бар; бас бостандығынан айыру; медициналық сипаттағы мәжбүрлі шаралар. Кез-келген себеп негізінде қамауға алу «адамның жеке бас бостандығын бірталай шектейді»<sup>11</sup>, сондықтан азаптаудан қорғау кепілдіктері аталған жағдайлардан бөлек «мемлекеттік органның үкімі бойынша немесе оның нұсқауы негізінде, болмаса оның хабарлауы немесе үнсіз келісімі негізінде бас бостандығынан айырылуы мүмкін және айырылған тұлғалар қамалатын мемлекеттің юрисдикциясындағы және бақылауындағы кез-келген аумақта»<sup>12</sup> әрекет етеді, соның ішінде «аурухана, мектеп, балаларды, қарттарды, психикалық науқастарды немесе мүгедектерді күту мекемелері, әскери қызмет орындары мен басқа да ұқсас мекемелер бар, сондай-ақ мемлекеттің араласпауы жекелеген тұлғаларға төнетін қауіпті туындататын немесе үдететін жағдайлар да бар»<sup>13</sup>.

Осындай жағдайларда және аталған орындарда қауіп төндіретін тұлға ретінде «мемлекет атынан онымен бірге немесе оның үкімі негізінде де-юре немесе де-факто [БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясы] әрекет ететін тұлғалар танылады»<sup>14</sup>. Мұндай тұлғаларға лауазымды тұлғалардан басқа жататындар: «түрлі мекеме қызметкерлері, жеке мердігерлер және мемлекетпен бірге немесе заң қорғанысымен басқа сапада ресми түрде әрекет ететін немесе мемлекет атынан қызмет ететін өзге субъекттер»<sup>15</sup>.

Азаптан қорғау кепілдіктері берілетін тұлғалар - «қандай да бір қатысушы мемлекеттің де-юре немесе де-факто бақылауындағы кез-келген тұлғалар, сол мемлекеттік азаматы немесе азаматы емес тұлғалар [БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясы]»<sup>16</sup>. Оларға «ұлтына, нәсіліне, түсіне, тегіне, жасына, діні мен сеніміне, ұлттық және әлеуметтік тегі мен ахуалына, жынысына, сексуалдық талғамына, трансгендерлік бірегейленуіне, психикалық немесе басқа да кемшіліктеріне, денсаулық жағдайына, экономикалық қызметке қатыстығына немесе түпкілікті халыққа жататындығына, қамауға алуға негіз болған қылмыстың түріне қарамастан барлық тұлғалар жатады, саяси қылмыстар немесе лаңкестік әрекеттер бойынша айыпталатын тұлғаларды, пана іздеуші тұлғаларды, халықаралық жәрдемге мұқтаж босқындар немесе басқа да тұлғаларды, болмаса қандай да бір басқа мәртебедегі немесе жағымсыз сипаттағы тұлғаларды қоса алғанда»<sup>17</sup>.

---

<sup>11</sup> Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулысы, «13» сәуір, 2012 жыл, № 2. «Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын конституциялық мерзім мәселелері бойынша ресми талдау туралы».

<sup>12</sup> Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияға факультативтік хаттама (2002). «26» маусымда, 2008 жылы ратификацияланған. № 48-4. 4-бап.

<sup>13</sup> БҰҰ Комитетінің азаптауға қарсы №2 жалпы Ережесіне жасаған Түсініктемесі: 2-бапқа қатысушы мемлекеттердің жасаған имплементациясы, CAT/C/GC/2, «24» қаңтар, 2008 жыл, 15-т.

<sup>14</sup> Сол жерде, 7-т.

<sup>15</sup> 12 қараңыз.

<sup>16</sup> Сол жерде.

<sup>17</sup> Сол жерде, 21-т.

## **II. Зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізгі кепілдіктері. Халықаралық стандарттар**

Мемлекеттің де-юре немесе де-факто бақылауындағы барлық тұлғаларды азаптан қорғау кепілдігіне БҰҰ азаптауға қарсы Комитеті<sup>18</sup> мыналарды жатқызады:

- қамаудағы тұлғалардың ресми тіркемесін жүргізу,
- қамаудағы тұлғалардың өздерінің құқықтары туралы ақпараттануына қатысты құқықтарын қамтамасыз ету,
- тәуелсіз заңгерлік жәрдемді жедел түрде алу құқығы және
- тәуелсіз медициналық көмек алу құқығы,
- туған-туыстарымен байланыста болу құқығы,
- қамауда ұстау және бас бостандығынан алу орындарын аралу және инспекциялау үшін риясыз механизмдердің болуы,
- қамаудағы тұлғалардың немесе азаптауға немесе зорлық-зомбылыққа ұшырау қауіпі төнген тұлғалардың арыздарының дер кезінде және әділ түрде қаралуын, құқықтарының қорғалуын және қамауға алудың заңдылығын немесе өзіне қатысты қарым-қатынастың заңдылығын даулау-дәлелдеуді қамтамасыз ететін құқықтық қорғау кепілдіктерінің соттың және басқа да құралдарына қол жетімді болуын қамтамасыз ету.

Бұл тізім соңғы, қорытынды тізім болып табылмайды, уақыт өткен сайын азаптаудан қосымша қорғанысты қамтамасыз ететін жаңа кепілдіктер пайда болып отырады. Дегенмен, бүгінгі таңда қалыптастып отырған халықаралық тәжірибеге сай<sup>19</sup> бас бостандықтарынан де-юре немесе де-факто айырылған тұлғаларды азаптан қорғаудың басты кепілдіктері мыналар болып отыр: 1) қамауға алынған тұлғаның өзінің ұсталуы туралы үшінші тұлғаға қалауы бойынша хабар беру (туған-туыстарына, достарына, елшілікке, т.б.) құқығы; 2) қорғаушы көмегіне жүгіну құқығы; және 3) өзінің қалауы бойынша дәрігерге қаралу құқығы (биліктің талабы бойынша медицина қызметкерінің міндетті тексеруін санамағанда).

Азаптаудан қорғау кепілдіктері көріп отырғанымыздай ең алдымен азаптауға құқықтық және әкімшілік тосқауыл қалыптастыруға бағытталған, «заңнан тыс аумақты» жоюға, барлық сала бойынша қызмет ететін билік өкілдерінің бас бостандықтарынан де-юре немесе де-факто айырылған тұлғалармен қарым-қатынасының бақылау мен қадағалауға бағындыруға бағытталған.

Азаптаудан қорғау кепілдіктерін ең бірінші кезекте осы қорғау кепілдіктері бағытталған тұлғалардың құқықтары тұрғысынан, өздерінің әрекеттері немесе әрекетсіздіктері арқылы сол тұлғаларға нұқсан келтіретіндердің құзырымен қарастыру орынды, екінші кезекте биліктің адамды азаптаудан қорғау кепілдігімен қамтамасыз етуі бойынша қалыптасқан міндеттемелері тұрғысынан қарастыру қажет.

## **III. Қазақстандағы зорлық-зомбылық көрсету жағдайлары**

### **1. Сезіктіні ұстау**

Қазақстанда көбінесе азаптау, зорлық-зомбылық жасау қылмыстық қудалау барысында орын алатындықтан, сондай-ақ жазалау орындарында болатындықтан мұндай жағдайда азаптау

---

<sup>18</sup> Сол жерде, 13-т.

<sup>19</sup> Мысалы, адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің Стандарттары (ААЕК), екінші жалпы баяндамадан көшірме [CPT/Inf (92) 3].

мен зорлық-зомбылықтан қорғау құқығы берілетін тұлғалар мыналар болып танылады: куәгер, қамауға алынған тұлға, әкімшілік қамаудағы тұлға, сезікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған және қамалған, әрекеттері азаптау және зорлық-зомбылық қауіпін төндіретін тұлғалар ретінде – тергеу, анықтау және жазалауды орындау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ жедел іздестіру шараларын атқаруға құзырлы органдардың (ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, қаржылық полиция органдары және т.б.) қызметкерлері танылады.

Азаптау, зорлық-зомбылық жасаудың кейбір үйреншікті түрлерін қарастырайық. Қазақстанда – бұл ұстау, қамау, қамауға алу және жазалауды орындау. Расында да, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 2010 жылы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің азаматтардың қылмыстық іс үрдістеріндегі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қылмыстық іс жүргізу кодексінің кейбір нормалары бойынша сот тәжірибесін біріктіруі «ұстап, қамауға алу заңмен қатаң тыйым салынған болса да сезіктінің қылмыстық істі мойындап, оны мойнына алуына мәжбүрлейтін [...] амал ретінде жиі қолданылатындығын»<sup>20</sup> көрсетті.

Қылмыстық қудалау мақсатында ұстау бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалатын қылмыстық істі жасаған сезіктілерге қатысты қолданылады. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексінің (ҚР КІК) 132-бабына сай ұстау оның қылмысқа қатыстылығын анықтау және оған қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында қолданылатын іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы ретінде танылады.

#### **а) Зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігі тұрғысынан алғандағы ұсталғандардың құқықтары**

Адамның қылмыс жасағандығына сезіктену бойынша ұстау жағдайларында азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігі берілетін тұлғаларға қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасы ұсталған «сезіктілерді» жатқызады, демек, «ұстау, қамау»<sup>21</sup> әрекеттеріне ұшыраған тұлғалар. Сәйкесінше, қылмыс жасағандық бойынша ұсталған сезікті тұлға дербес іс жүргізушілік тұлғасы болып табылмайды, нақты ұсталған уақыттан бастап сезікті деп аталатын іс жүргізушілік санатына ұсталған-қамалған санаты қосылады<sup>22</sup>, ҚР КІК 68-бабында қарастырылған сезіктінің барлық құқықтары берілуі керек, азаптау және зорлық-зомбылықтың алдын алу тұрғысынан алғанда олардың арасындағы неғұрлым басым маңызға ие құқықтарының түрлері:

<sup>20</sup> Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің азаматтардың қылмыстық іс үрдістеріндегі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қылмыстық іс жүргізу кодексінің кейбір нормалары бойынша сот тәжірибесін біріктіру (тұлғаға, жеке өмірге, тұрғын үйге қол сұқпау; хат алмасудың, телефон арқылы сөйлесудің, пошталық, телеграфтық және басқа да хаттардың құпиялылығы). «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының» № 4 бюллетенінде жарияланған, 2010.

<sup>21</sup> Қазақстан Республикасының Кодексі, 13.12.1997 N 206-І " Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексі» (ҚІК).

<sup>21</sup> Қазақстан Республикасының 13.12.1997 N 206-І Кодексі - "Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі» (ҚІК).

<sup>22</sup> Нақты ұстау – «ұсталған тұлғаның бостандығын шектеген сағат, минутына дейінгі нақтылықпен, жүріп-тұруын шектеуді қоса алғанда – белгілі орында мәжбүрлі түрде ұстау, тергеу және бақылау органдарына жеткізу (ұстап алу, белгілі орынға жауып қою, қандай да бір орынға баруға мәжбүрлеу немесе орында қалуға мәжбүрлеу және т.б.), сондай-ақ адамның бостандығын айтарлықтай шектейтін басқа да әрекеттер, бұл ұсталғанға қандай да бір іс жүргізу мәртебесін немесе басқа да формалдық үрдістерді орындауға қарамастан мүмкін болған уақыт» (жоғарыда 10 қараңыз).

- «телефон арқылы немесе басқа да амалмен өзінің тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталуы мен ұсталған орны туралы жедел хабар беру»<sup>23</sup>;
- «ұстауды орындаған тұлғадан өзіне қатысты құқықтарды жедел арада түсіндіруді талап ету»<sup>24</sup>;
- «қандай күдікпен ұсталғандығын білу»<sup>25</sup>;
- «өз бетімен немесе өзінің туған-туыстары арқылы немесе сенім білдірілген тұлғалары арқылы қорғаушы шақыру, егер қорғаушыны сезікті шақырмаған жағдайда, оның туған-туыстары немесе сенім білдірілген тұлғалары қорғаушы шақырмаған болса тергеуші немесе анықтаушы [ҚІК] қарастырылған тәртіп бойынша оның қатысуын қамтамасыз етуі керек», сезікті онымен «тергеу басталғанша жеке [...] және құпия түрде кездесуге құқылы»<sup>26</sup>;
- «түсінік беру мен жауап беруден бас тарту»<sup>27</sup>;
- «тек қана қорғаушының қатысуымен жауап және түсінік беру, сезіктінің одан бас тартатын жағдайын санамағанда»<sup>28</sup>. Сондай-ақ қазақстандық қылмыстық іс жүргізу кодексінде мыналар қарастырылған.<sup>29</sup>
- қылмыстық іс бойынша сезікті ретінде ұсталған тұлғаны уақытша қамау изоляторларына (УҚИ) жабу, сол арқылы ресми қамауға алу орындарында болмауын қамтамасыз ету. УҚИ орналастырылғанда ұсталған сезіктілерден
- «уақытша қамау изоляторы бойынша кезекші (фельдшер) денсаулығының ахуалы туралы сұрайды. Денсаулығының нашарлығы анықталса және аурудың айқын белгілері білінсе уақытша қамау изоляторы бойынша кезекші (фельдшер) жедел медициналық көмек бригадасын дереу шақыруға міндетті. Сезіктілердің денесінде зақымдар мен денсаулыққа келтірілген нұқсан белгілері анықталса кезекші олардың пайда болу себептерін анықтайды, ол туралы жазбаша түрде уақытша қамау изоляторының бастығына, ішкі істер органының басшысына ақпар береді»<sup>30</sup>.

Көріп отырғанымыздай, азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғауға беретін кепілдікке қатысты негізгі халықаралық талаптармен салыстырғанда ұсталған-қамалған тұлғалардың құқықтарының қазақстандық тізімінде өзінің таңдауы бойынша тәуелсіз дәрігер тексерісінен өту құқығы мен іс жүргізудің мәжбүрлі шарасы ретінде ұстаудың заңдылығына наразылық білдіру құқығы жоқ.

Десек те, стандарттар<sup>31</sup>, мысалы, Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің Стандарттарында (ААЕК) қамаудағы тұлғаның іс жүргізушілік мәртебесіне қарамастан алғаш талап етуі барысында «полиция шақырған дәрігер атқаратын барлық тексерістер мен үрдістерге» қосымша ретінде өзінің қалауы бойынша «тәуелсіз дәрігерге жүгіну» құқығының жүзеге асырылуы керек деп қарастырылған, оның үстіне «полиция

<sup>23</sup> ҚР КІК 68-б., 2-б.

<sup>24</sup> ҚР КІК 68-б., 7-б.

<sup>25</sup> Сол жерде, 2-т.

<sup>26</sup> Сол жерде, 3 және 4-т.

<sup>27</sup> Сол жерде, 7-т.

<sup>28</sup> Сол жерде, 5-т.

<sup>29</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексі, 13.12.1997 N 206-І, 137-б.

<sup>30</sup> Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің «1» маусымдағы 2002 жылғы N 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде «13» маусымда 2002 жылы N 1883 болып тіркелген - «Ішкі істер органдарының уақытша қамауға алу изоляторларының ішкі өтріптері Ережелерін бекіту туралы», 13-т.

<sup>31</sup> Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің Стандарттары (ААЕК), он екінші жалпы баяндамадан көшірме [CPT/Inf (2002) 15], 42-т.

қамауындағы барлық тұлғаларға жасалатын медициналық тексерістер құқық қорғау органы қызметкерлері ести алмайтын жағдайларда орындалуы керек, сондай-ақ егер шақыртылған дәрігер жекелеген жағдайда басқа талап қоймаса аталған қызметкерлер көре алмайтын орында тексеріледі».

Ұстау, қамауға алу заңдылығына наразылық білдіру құқығы habeas corpus үрдісі ретінде танымал, бұл құқық «бостандық пен жеке басқа қол сұқпау құқығына заңсыз қастандық жасаудан соттық қорғану»<sup>32</sup> кепілдігін береді және де бұл адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 3, 9 және 10-баптарында<sup>33</sup>, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 9-бабында<sup>34</sup> қарастырылған, сонымен қатар 11-қағидаттың 1-тармағында бекітілген – «Кез-келген түрде қамауға алынған немесе ұсталған тұлғаларды қорғау қағидаттары<sup>35</sup>», онда «жедел тәртіпте сот органы немесе басқа да тиісті орган тыңдауы бойынша тиімді мүмкіндік жедел арада берілмеген тұлғаны қамауда ұстауға тыйым салынғандық» туралы айтылған. Бұл құқықты соттың «қамауда ұстауды жалғастыру қажеттілігі туындағанда ғана қамау негізін қарастыру»<sup>36</sup> құзіретінен ерекшелуге болады, - бұл қазақстандық қылмыстық іс жүргізу құқығында «тұтқындаудың сотпен санкциялануы» деп аталады және habeas corpus үрдісі болып саналмайды, соған қоса заңсыз ұсталған жағдайда жедел сот қорғанысын пайдалануға кепілдік бермейді.

Сондай-ақ қазақстандық құқық қолданушылардың ұсталған тұлғаны ҚР ҚІК 68-бабындағыдай «сезікті» деп санауға қатысты пікірлері бір жерден шықпайды, болмаса – «оның іс жүргізушілік ұсталуына қатысты мәселе шешілгенге»<sup>37</sup> дейін – ұсталғанды қандай да бір «қылмыс жасағандыққа қатысты сезікті»<sup>38</sup> тұлға деп санау керектігіне қатысты ойлары да сан алуан. Соған қоса «қылмыстық іс жасағандық бойынша сезікті тұлға да», «ұсталған тұлға да» ҚР ҚІК сай «қылмыстық іс үрдісінің қатысушысына»<sup>39</sup> жатпайды немесе «қылмыстық іс үрдісіне қатысатын басқа тұлғалар»<sup>40</sup> болып саналмайды, демек Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы 7<sup>41</sup> Нормативтік қаулысына қатысты түсініктемелерге сай «іс жүргізушілік санаты ресми анықталмаған [...] тұлға болмаса» ол «құқық иесі» деп танылмайды. Осыдан қылмыстық іс үрдісінің қатысушысы ретінде сезіктінің құқықтарына қылмыстық іс жасағандық бойынша сезікті ретінде ұсталған тұлғаның іс бойынша сезікті болып ресми анықталғанға дейін ие болмайды деген қорытынды жасауға болады, демек, азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдіктерінен айырылған. Жасалып отырған бұл қорытындыны ҚР ҚІК 134-бабы да

---

<sup>32</sup> Ресей Федерациясының Конституциясының 22-бабына түсініктеме (В.Д. Зорькин және Л.В. Лазаревтің бақ.) - <http://kommentarii.org/konstituc/index.html>.

<sup>33</sup> БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А (III) резолюциясымен қабылданған, «10» желтоқсан, 1948 жыл.

<sup>34</sup> 2 қараңыз.

<sup>35</sup> 7 қараңыз.

<sup>36</sup> Сол жерде, 3-т., 11-қағидат.

<sup>37</sup> Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, «28» желтоқсан, 2009 жыл, № 7 - «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның арнамысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы».

<sup>38</sup> Сол жерде.

<sup>39</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексін қараңыз, 13.12.1997 жылғы N 206-І, ҚР ҚІК 9-тарауы - «Үрдістің өздерінің немесе ұсынылатын құқықтар мен мүдделерін қорғайтын қатысушылары».

<sup>40</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Кодексін қараңыз, 13.12.1997 жылғы N 206-І, ҚР ҚІК 10-тарауы - «Қылмыстық іс үрдісіне қатысатын басқа да тұлғалар».

<sup>41</sup> Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының Нормативтік қаулысына түсініктеме, «28» желтоқсан, 2009 жыл, № 7, түсініктеме жазушы Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының ҒКК мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты Юрченко Р.Н.

дәлелдейді, аталған бапқа сәйкес ұсталған тұлға сезікті деп нақты ұсталған уақыттан бастап танылмайды<sup>42</sup>, ұстау туралы хаттама жасалған уақыттан бастап қана саналады, демек осындай хаттама жасау үшін заңнамалық түрде бөлінген 3 сағаттық уақыт өткеннен кейін ғана, осы кезде сезіктінің құқықтары алғаш рет оған түсіндіріледі. Соған қоса ҚР ҚІК 70-бабының 3-бөліміне сай «қорғаушы іске тұлға сезікті немесе айыпталушы деп танылған сәттен бастап қана қатыстырылады». Сәйкесінше, ұсталған тұлғаны осы ҚР ҚІК 68-бабына сай іс жүргізушілік сезіктісі деп танығанға дейін, яғни қылмыс жасағандық бойынша сезікті ретінде ұсталған тұлғаның нақты ұсталған уақытынан бастап оның хаттамада көрсетілген заңды ұсталған уақытына дейін ұсталған тұлға қорғаушы көмегін тұтыну құқығынан айырылған.

Сезіктілердің азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғалуына кепілдік беретін басқа құқықтарына да қатысты жағдайлар осындай күйде. Мысалы, ҚІК 68-бабының 2-бөліміне сай «ұсталған сезіктінің» «телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен жедел арада өзінің тұрған жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы хабарлау» құқығы «дереу» пайда болады. Соған қоса ҚР ҚІК 138-бабы ұстау туралы «[сезіктінің] отбасының жасы көмелетке толған мүшелерінің біріне, ал олар болмаған жағдайда – басқа да туған-туыстарын немесе жақын тұлғаларын хабардар ету» құқығын алдымен тергеушіге немесе анықтаушыға береді, содан соң ғана – ұсталған сезіктіге береді. Оның үстіне ұсталған сезіктінің ұсталғандығы және ұсталып отырған орны туралы хабар берілетін тұғалар шеңбері ғана шектеулі емес, хабар беру уақыты да 12 сағат болып шектелген, бұл азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша халықаралық стандарттардың ұсталған тұлғаның өз қалауы бойынша ұсталғандығы және ұсталып отырған орны туралы үшінші тұлғаларға хабар беру құқығын бұзады. Осылайша, ААЕК<sup>43</sup> стандарттарына сай бұл құқықты өз қалауы бойынша қорғаушы көмегіне жүгіну және тәуелсіз медициналық тексерістен өту құқықтарымен қатар «осы құқықтық жүйедегі атауына қарамастан бас бостандығынан айырған уақытқа дейін (ұстау, тұтқындау және т.б.) пайдаланған абзал». ААЕК бұл ережеден «полицялық тергеу мүддесі үшін» бас тартуды белгілі жағдайларда рұқсаттайды, бірақ «мұндай жағдайлардың нақты анықталуын және уақыт бойынша қатаң шектелуін талап етеді, соған қоса оларға жүгіну белгілі кепілдіктерге негізделеді (мысалы, кез-келген ұстау қамауға алу туралы хабарламада жазбаша түрде белгіленіп, себебінің көрсетілуі керек және бұл іске, прокурорға қатысы жоқ аға полицейдің, лауазымды тұлғаның мақұлдауымен орындалуы керек)»<sup>44</sup>. Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғаларды қорғау қағидаттарының жиынтығы<sup>45</sup> «тергеудің ерекше жағдайларында»<sup>46</sup>[.] «қамаудағы тұлғаға сыртпен байланыста болуға, атап айтқанда отбасымен немесе қорғаушымен байланысты болуына тыйым салынуы»<sup>47</sup> мүмкін екендігін білдіреді, бірақ мұндай тыйым салудың «шартты кезеңнен»<sup>48</sup> ұзақ болмайтындығына кепілдік береді. ҚР ҚІК 138-бабының 3-бөлімінің бұрынғы басылымында сезіктінің туған-туыстары мен жақындарына хабар беру уақыты 72 сағатқа дейін деп қарастырылған. Осы норманың алынып тасталуына қоса 2011 жылы ҚР ҚІК 138-бабына қайта енгізуі орынды деп саналатын хабарлау уақытын ұзарту шарттары да алынып тасталды, сезіктілердің өзінің қалауы бойынша үшінші тұлғаларға өзінің ұсталуы мен ұсталып отырған орны туралы хабар беру

---

<sup>42</sup> 22 қараңыз.

<sup>43</sup> 18, 36-т. қараңыз.

<sup>44</sup> Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің Стандарттары (ААЕК), он екінші жалпы баяндамадан көшірме [СРТ/Inf (2002) 15], 43-т.

<sup>45</sup> 7 қараңыз.

<sup>46</sup> Сол жерде, 4-т., 16-қағидат.

<sup>47</sup> 7 қараңыз, 15-қағидат.

<sup>48</sup> 46 қараңыз.



құқығын тек нақты ұсталған уақытта ғана хабарлау мүмкіндігі қалыптастырылды, ал «ерекше жағдайларда, істің ерекше сипаты анықталса, прокурордың немесе оның орынбасарының санкциясы негізінде тергеу амалдарының бастапқы кезеңдерінің құпия болуын қамтамасыз ету мақсатында»<sup>49</sup> - нақты ұсталған уақыттан бастап 12 сағат ішінде және одан кешікпейтін уақытта хабарлау құқығы қарастырылған.

Осылайша, Қазақстанның заңнамасында «нақты ұстау», «ұстау уақыты», «хаттама жасау уақыты», «ұсталған», «қылмыстық іс жасағандық бойынша сезікті», «ұсталған сезікті», «сезікті» ұғымдарын өзара келістірместен азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактінің 9 және 14-баптарында қарастырылған бас бостандығынан айырылған тұлғалардың құқықтарының кепілдігі туралы сөз қозғау орынсыз.

Азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін ҚР ҚІК 68-бабында қарастырылған сезіктілердің құқықтарын жалпылай қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкестендіре<sup>50</sup> отырып аталған құқықтарды қылмыстық іс жасағандық бойынша ұсталған тұлғаларға нақты ұстаған уақыттан бастап беру керек.

## **1.2 . Зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігі тұрғысынан алғандағы ұстауды жүзеге асыратын органдардың құзырлары**

Қазақстандық заңнамалардың бас бостандықтарынан айырылған немесе бас бостандықтарынан айырылатын тұлғаларды азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау үшін ұсынатын кепілдіктерінің қаншалықты деңгейде жеткілікті екендігін түсіну үшін ұсталған тұлғалардың жоғарыда аталған құқықтарының барлығын ұстауды орындайтын тұлғаның құзырымен және барлық құқықтарымен салыстырайық.

### **1.2.1. Жедел іздестіру қызметі**

Негізінен, ұстау – қамауға алу әрекеттерін орындауға өкілетті органдар мен олардың қызметкерлерінің сезіктілердің қадір-қасиетіне және жеке басына қол сұқпауына заңсыз қастандық жасауы жедел іздестіру шаралары барысында көптеп орын алады. Қазақстанда жедел іздестіру шараларын қатаң түрде белгілі органдар ғана орындай алады, олардың ішінде: ішкі істер органдары, ұлттық қауіпсіздік органдары, қаржы полициясы органдары. Аталған органдарда жетекшінің қаулысы негізінде жедел іздестіру шараларымен айналысатын тиісті қызметтер, бөлімшелер құрылады.

Атқарылуы барысында адамның қадір – қасиеті мен ар-намысына, жеке тұлғалық қасиеттеріне қол сұқпау талабына нұқсан келуі мүмкін жедел іздестіру шараларына Қазақстан Республикасының «Жедел іздестіру шаралары туралы»<sup>51</sup> Заңына сай мыналар жатады: жауап алу; қылмысты жайындаған, қылмысты жасау үстіндегі немесе қылмысты

<sup>49</sup> (Ескі басылым) ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 13.12.97 № 206-І, 3-б., 138-б., ҚР 18.01.11 ж. № 393-ІV Заңына сай алынып тасталған.

<sup>50</sup> Мысалы «Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, «9» желтоқсан, 1988 жыл БҰҰ Бас Ассамблеяның 43/173 резолюциясымен қабылданған немесе «Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі Еуропалық комитеттің Стандарттарын (ААЕК)» қараңыз.

<sup>51</sup> Қазақстан Республикасының «15» қыркүйектегі 1994 жылғы № 154-ХІІІ «Жедел іздестіру шаралары туралы» Заңын қараңыз (08.01.2013 ж. өзгерулер мен толықтырулар енгізілген).

жасаған тұлғаны қудалау және ұстау; ұсталған тұлғаларды жеке тінту, тексеру және олардағы қылмыстық іске қатысы болуы мүмкін заттар мен құжаттарды алу; қарулы қылмыскерлерді тұтқындау.

Көріп отырғанымыздай, жедел іздестіру шаралары атқарылатын тұлғалар шеңбері қылмыстық іс үрдісіне қатысатын тұлғалар шеңберіне қарағанда біршама кең. Оған құқықтары қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелетін қылмыстық іс үрдісінің айқын қатысушылары – «сезіктілерден», «айыпталушылардан», «сотталушылардан» басқа іс жүргізушілік санаттары анықталмаған басқа тұлғалар да кіреді: «жауап алынатын тұлға», «іздестірілетін тұлға», «зерттелетін тұлға», «нақты тұлға», «тексерілетін тұлға», «тергеуден, жауап алудан немесе соттан жасырынған, қылмыстық жауапкершіліктен қашқан тұлғалар», «қылмысты дайындаған, атқару үстінде болған немесе атқарған тұлға», «ұсталған тұлға» және «қаруланған қылмыскерлер».

Жедел іздестіру шараларының тергеу және сот амалдарын дайындау және оларға қатысу мақсатында қылмыстық іс үрдістерінің мүддесіне орай, соған қоса заңда анықталған «басқа да міндеттерді» орындау мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін. Жедел іздестіру шараларының қатысы бар тұлғаларға, бірақ бұл кезде қылмыстық істің қатысушысы болып табылмайтын тұлғаларға еркін тұлғаларға тиесілі барлық құқықтар беріледі деп айтуға болатын сияқты. Дегенмен, мұндай тұлғалар шын мәнісінде еркін тұлға болып табыла ма? «Жауап алу», «ұстау», «жеке тінту», «қамау» - мұндай әрекеттер кемінде осы әрекеттердің қатысы бар тұлғалардың осы әрекеттерді орындайтын тұлғаларға тәуелділігін білдіреді, ал халықаралық стандарттарға сай аталған шаралардың объекті болып табылатын тұлғаның – адамның әрекеттік бостандығынан айырылуы болып табылады. Сонымен, БҰҰ кез-келген түрде ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау туралы Қағидаттарына<sup>52</sup> сай «қандай да бір құқық бұзушылыққа байланысты күдікпен тұлғаны ұстау немесе қандай да бір органның шешімімен ұстауға алу» (жантайтылған қаріп – Т.Ч.) «тұтқындау» болып саналады, ал «құқық бұзушылық үшін сотталу салдарынан емес жағдайда бостандығынан айырылған тұлға» - «ұсталған тұлға» болып танылады. Осылайша, жеке басына қол сұқпау және қадір – қасиетіне нұқсан келтірмеу құқықтарына қауіп төндіретін жауап алу, ұстау, жеке тінту, қамау сияқты жедел іздестіру шаралары бойынша іс жүргізушілік санаты анықталмаған тұлғаларға азаптау мен зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдігін беретін қылмыстық іс қатысушыларының барлық құқықтарының берілуі тиіс, әсіресе: ұсталуы және ұсталып отырған орны туралы үшінші тұлғаларға хабарлау, қорғаушыға жүгіну құқығы, медициналық көмек алу құқығы.

Қазіргі кезде мұндай шаралар «жалпы»<sup>53</sup> деп аталады және «арнайы» шараларға қарағанда прокурордың міндетті түрде санкциялауын талап етпейді, ал «лаңкестікке қарсы операциялар барысында» жеке тінту куәгерлердің қатысуынсыз – ақ жүргізіле береді<sup>54</sup>.

Соған қоса жедел іздестіру шараларын атқару негіздері де толық түсінікті емес. Жедел іздестіру туралы Заңның 10-бабында қарастырылған жедел іздестіру шарасын жүзеге асырудың бес негізінің ішінен екеуі құжаттық растаманы талап етпейді. Осылайша жедел іздестіру шараларын атқару негіздерінің қатарына түсініксіз негіздер жатады: «жедел іздестіру шараларын жүзеге асыратын органға келіп түскен ақпарат [...]»<sup>55</sup> және «мемлекет және қоғам мүддесі үшін [...] ақпарат алу қажеттілігі [...]»<sup>56</sup> (жантайтылған қаріп – Т.Ч.). Ал

---

<sup>52</sup> 7 қараңыз.

<sup>53</sup> 51, 11-б. қараңыз.

<sup>54</sup> Сол жерде, 16-т.

<sup>55</sup> 51, 1-т., «б» тармақшасын, 10-б. қараңыз.

<sup>56</sup> 51, 1-т., «д» тармақшасын, 10-б. қараңыз.

қалған негіздерінің<sup>57</sup> құжаттық ресімдемелері бар және басқа сұрақтар тудырмайды, өйткені бұл: «қозғалған қылмыстық істің болуын білдіреді», «тергеушінің қаралып жатқан қылмыстық іске жауаптылығының жазбаша дәлелі», «Бас прокурордың қаулысы [...], сондай-ақ прокурордың жазбаша нұсқамалары», «сот кесімдері» және «халықаралық құқық қорғау ұйымдарының талаптары».

«Жедел іздестіру қызметі» туралы заңда жедел іздестіру әрекеттеріне жұмылдырылған билік өкілдерінің 15-бапқа сай өз әрекеттері арқылы азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне нұқсан келтіру қауіпін төндіретіндігін қарастырған. Заңға сәйкес мұндай әрекеттер шартты, бірақ «өте қажет болса және қорғаныс талап етілетін» болса ғана, соған қоса өміріне, денсаулығына және мүлкіне «айтарлықтай» нұқсан келтірмейтін<sup>58</sup> шамада болуы тиіс. Осы орайда заңда осындай қауіптің «айтарлықтай» екендігін кімнің бағалайтындығын түсіндірмеген.

Жоғарыда айтылғандарға сай заңға байланысты «конспирация негізінде» жедел іздестіру шараларын атқару, сонымен қатар «ашық» әдістер мен «жасырын» әдістердің<sup>59</sup> үйлесімі, жедел іздестіру шараларын атқаратын органдар мен олардың қызметкерлерінің құзырларыны кеңдігі осындай шара объектілері болып табылатын тұлғаларға берілетін кепілдікті үдетудің қажет екендігі туралы тұжырым джасауға болады.

Жедел іздестіру шараларының объектілері болып талыатын тұлғаларға зорлық-зомбылықтардан қорғау кепілдіктерінің берілуі тиіс, олардың «қандай да болмасын үлігінде ұсталатын немесе қамауға алынатын тұлғаларға»<sup>60</sup> қатысты орын алуы мүмкін. осындай тұлғалардың іс жүргізушілік мәртебесін нақтылау керек.

Адамның қадір-қасиеті мен ар-намысына нұқсан келтіруі мүмкін жедел іздестіру шаралары, мысалы: жауап алу, тінту, ұстау, тұтқындау – прокурордың міндетті санкциясы негізінде орындалуы керек, соттың санкциясы болса одан да орынды. Соған қоса Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының *арнайы* жедел іздестіру шараларына санкция беруді прокуратурадан сотқа<sup>61</sup> беруді қолға алу керек, сол сияқты Жоғарғы соттың «прокуратура қылмыстық іс өндірісі барысында айыптау тарабы бола отырып, айыпталушына сотқа табыстай отырып істің қорытындысына мүдделі болады, атап айтқанда йыптаушы үкімнің шығарылуын қолдайды деген пікіріне қосылуға болады, [...] арнайы [біздің көзқарас – адамның қадір-қасиетіне нұқсан келетін жағдайларға қатысты] санкциялар жедел іздестіру әрекеттеріне берілгенде айтылған жағдайға байланысты [...] объективті болып саналмайды»<sup>62</sup>.

«Жедел іздестіру қызметі» туралы Заңның өзінде әр түрлі мағына, түсініксіздік және анықталмаған нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеменің болмауы керек. Жедел іздестіру қызметіне негіз деп танылған жағдаяттардың барлығының құжат түріндегі растамасының болуы тиіс.

### 1.2.2. Әкімшілік ұстауға алу

Жедел іздестіру шараларын атқару мен қылмыстық қамауға алу үрдісіне қоса зорлық-зомбылық жасау қауіпі әкімшілік қамауға алу барысында ада болады. Қылмыстық түрмен

<sup>57</sup> 51, 1-т., «а», «в», «в-1», «в-2», «г» тармақшаларын қараңыз.

<sup>58</sup> 51, 15-бап.

<sup>59</sup> 51, 4-бап, 1-тармақ.

<sup>60</sup> 50 қараңыз.

<sup>61</sup> 37 қараңыз.

салыстырғанда заңда анықталған әкімшілік қамауға алу тәртібі зорлық-зомбылықтардан қорғау кепілдіктерінің аясын тарылтады.

Әкімшілік қамауға алу әкімшілік құқық бұзушылық бойынша өндірісті қамтамасыз ету шарасы ретінде «жеке тұлғаның бас бостандығын уақытша шектеу, атап айтқанда әрекетке еріктілігін және жүріс-тұрысын арнайы орында белгілі уақыт бойы оның құқыққа қарсы әрекеттерінің алдын алу мақсатында шектеу»<sup>62</sup> болып саналады.

Әкімшілік қамауға алуға негіз болатын жағдаяттардың тізімі және оны жүзеге асыратын органдар қатары заңмен анықталады.

Қылмыстық қамауға алу кезіндегідей, әкімшілік қамауға алу және ұстау орнына жеткізу хаттамамен ресімделеді. ӘҚК қандай да бір нормативтік-құқықтық кесімдерге сүйенусіз ұсталған тұлғаны тиісті органға хаттама жасау үшін жеткізу уақыты туралы ештеңе айтылмаған, егер хаттама жасау ұстау орнында мүмкін болмаса ұсталған тұлға хаттама ресімдеу үшін белгілі орынға жеткізілуі керек, тек қана оны жеткізу «барынша қысқа уақытта»<sup>63</sup> болуы керек деп көрсетілген. Онсыз де кемшіліктер тұнып тұрған жағдай жеткізу уақытын кешіктіруге рұқсат беретіндігі де алаңдатушылық тудырады. Соған қоса ӘҚК әкімшілік ұстауға алынған тұлғаларды құқықтарымен таныстыруды қарастырмаған. Үшінші тарап (туған-туыстары, оқу немесе жұмыс орны бойынша әкімшілік, сондай-ақ қорғаушы) тек қана ұсталғанның өтініші бойынша хабар алады. Соған қоса Кодексте үшінші тараптың қанша уақыт аралығында хабарлама алуға тиіс екендігі көрсетілмеген, ұсталғанның өз қалауы бойынша үшінші тарапқа хабар беру мүмкіндігі де қарастырылмаған.

Осындай жағдайларда зорлық-зомбылық пен азаптау әрекеттерінің орын алуына жол бермеу мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексті зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша нақты кепілдіктермен толықтыру керек, атап айтсақ, ұсталған уақытында өзінің құқықтарымен таныстыруды талап ету, ұсталғанның таңдауы бойынша өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған орны туралы үшінші тарапқа хабар беру құқығын беру керек, сондай-ақ ұстауға алу хаттамасын жасау мен хаттама жасау орнына жеткізу уақытын нақтылау керек.

## **2. Қамауға алу. Қамауда болу**

Қылмыстық іс бойынша сезіктілерді немесе әкімшілік құқық бұзған тұлғаларды қамауға алуға қоса зорлық-зомбылық орын алатын уақыт тұлғаның қамауда болатын кезі деп саналады.

Халықаралық стандарттарда<sup>65</sup> ұсталған сезіктілер осыған арналған жеке орындарда ұсталуы керек деп қарастырылған және сырт әлеммен байланыстан оқшау ұстауға, демек *incommunicado* ұстауға тыйым салынған.

Сырт әлеммен байланыс болмағанда зорлық-зомбылық көрсету оқиғалары жиі орын алады.

Қазақстанда ұсталған сезіктінің ұстау жағдайын сырттай (де-факто немесе де-юре) бақылаудың болмауы салдырынан жәбірлеу оқиғаларының мынадай жағдайларда орын алуы ықтимал:

- ұсталған сезіктіні тергеу, анықтау орындарына жеткізу барысында;

<sup>63</sup> Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі («29» қаңтардағы, 2013 жылғы күйі бойынша) (ӘҚК).

<sup>64</sup> Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі («29» қаңтардағы, 2013 жылғы күйі бойынша) (ӘҚК), 619-бап, 3-тармақ.

- прокурор мен ұсталған тұлғаның туған-туыстарына хабар берілмегенде (әдетте нақты ұстау уақыты мен хаттама жасау уақыты аралығында немесе хаттама жасалғаннан кейін заң бойынша прокурор мен ұсталған тұлғаның жақындарына хабар берілгенге дейінгі уақытта);
- ұсталғандардың бейресми тіркелуі барысында.

Ұсталған тұлғаның іс жүргізушілік ресімделуі, демек ұстауға алу хаттамасын жасау мен оның нақты ұсталуы аралығындағы уақыттың 3 сағат болатындығы белгілі<sup>66</sup>. Ал нақты ұстау уақытын хаттамада ұсталған тұлға емес, ұстауды орындаған тұлға көрсетеді. Оның үстіне қылмыстық іс жүргізу заңнамасында тұлғаның ұсталғандығы туралы прокурорға<sup>67</sup> және оның туған-туыстарына<sup>68</sup> *хаттама жасалған уақыттан бастап* 12 сағат ішінде міндетті түрде хабар беру қарастырылған. Осылайша, ұстауға алынған тұлға оның қамалуын көздейтін органның қарамағында тіркеусіз, нақты ұсталған уақыттан бастап 15 сағат бойы болады, оның үстіне оның нақты ұсталған уақыты («сағаты мен минуты көрсетіледі»<sup>69</sup>) бұлтартпаланбайтындығына еш кепіл жоқ. Нақты ұстау уақытының бұлтартпалануының мүмкін екендігі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылдың «28» желтоқсанындағы №7 Нормативтік Қаулысында да қарастырылған: «Азаматтар көбіне жеткілікті негіз болмайтын жағдайларда ұстауға алынады, соған қоса [...] хаттамаларда нақты ұстау уақыты [...] дұрыс көрсетілмейді, ол уақыт хаттама жасалатын уақытқа «сәйкестендіріледі», ал хаттамалар нақты ұсталған уақыттан кейін ресімделеді».

Бұл уақытта ұстауға алынғандардың жеке немесе қызметтік көліктерде, қызметтік бөлмелерде, жеке пәтерлерде еріксіз және заңсыз ұсталуы мүмкін, демек қандай да бір қорғау кепілдіктері осы кезде берілмейді.

2011-2012 жылдары БАҚ жасалған, адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюроның веб-сайтында жарияланған хабарламалардан<sup>64</sup>:

*«Ащысай ауылында (Батыс-Қазақстан облысы) Алексей Ложкин атты жас жігітті полиция қызметкері әкіммен бірге оны автокөліктің жүк бөліміне салып, көрші ауылға апарып, ұрып-соққан.*

*«Райымбек аудандық полиция бөлімінде (Алматы облысы) жергілікті тәртіп сақшылары еш кінәсі жоқ азаматтарды жүйелі түрде жәбірлеп келген, оларды өзге істерді мойындарына алуға мәжбүрлеген. Соған қоса тәртіп сақшылары ұсталғандарды тек УҚИ ғана емес, өз қораларында да азаптаған. Тергеу амалдары барысында оқиға орнында азаптау мен қатыгездік белгілері анықталған».*

*«2011 жылдың «22» желтоқсанында алматы қаласының Жетісу АІБ қызметкерлері Оғлы (тегі) отбасының төрт мүшесін ұстады – әкесін, шешесін және екі ағайындыны. Оларды тікелей пәтерлерінен алып кеткен, содан соң ұсталғандар АІБ жеткізілген, ол жерде бірнеше бөлмелерде ұстап, көп сағатқа созылған жауап алу әрекеттерін жүргізген. Таңғы сағат 6 бастап кешкі сағат 23 дейін олардың барлығын тоқтаусыз ұрып-соққан, кісі өлімін мойындарына алуға мәжбүрлеген. Демек, әр затты өз атымен айтатын болсақ полиция қызметкерлері 17 сағат бойы түсінік алу мақсатымен ұсталғандарды ұрып-соғып, зорлық-зомбылық көрсеткен».*

<sup>70</sup> Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюроның веб-сайтынан алынған: <http://bureau.kz/>.

*«Түлкібас АІІБ (Оңтүстік-Қазақстан облысы) ұсталғанды АІІБ мәжіліс залына жауып қойған. Ал таңертең жалға алынған пәтерге әкеліп, экзекуцияны жалғастырған. Түске қарай оны да көндірген, ол талап еткен түсініктердің барлығын жазыған. Тек қана кешке [ұсталғандарды] босатқан, ештеңеден қорықпай, сотқа куәгер ретінде шақыртуды күту керек екендіктері айтылған. «Ықтимал куәгерлерді» ұстау және олардың ұстауда болу айғағы тәулік бойы еш жерде көрсетілмеген».*

Осындай жағдайларға жол бермеу үшін құқықтық қуыстардың болуы салдарынан ұсталғандардың заңдық шектемелерден тыс болуына тыйым салу мақсатында заңда ұсталған тұлғалардың құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қарамағында болуына қатысты барлық мәселелерді айқындап, нақтылау керек.

Осындай кепілдіктердің бірі – нақты ұсталған уақыттан бастап міндетті түрде тіркеуге алу. Қазіргі таңда заңда жедел тіркеуге алу қарастырылмаған немесе нақты ұсталған уақытты тіркеу талап етілмеген. Нақты ұстау уақыты, жоғарыда атап айтылғандай, 3 сағат ішінде тіркеледі, ұстау хаттамасы жасалады. Ал нақты ұстау уақытын ұсталған тұлға емес, ұстауды жүзеге асырған, қылмыстық істің барысына мүдделі тұлға көрсетеді. Нақты ұстау уақытының құқық қорғау органдарының көздеуіне орай жиі бұлтартпаланатындығы таң қалдырмайды. Ұстау уақыты негізінен құқық қорғау органы қызметкерлеріне еш міндеттеме жүктемейді. Ұстау уақытында және ұстау орнына жеткізу кезінде ұсталған тұлға өзінің ұсталғандығы туралы туған-туыстарына және өзге тарапқа хабар беру мүмкіндігінен айырылады. Ол уақытта оның іс жүргізушілік санаты анықталмайды, демек іс жүргізушілік құқықтары жоқ.

Ұстауға алуды нақты ұстау уақытында тіркеу және сол мезетте ұсталған тұлғаны құқықтарымен толықтаныстыру зорлық-зомбылықтан қорғаудың қосымша кепілдігі бола алады. Нақты ұстауды тіркеудің үшінші тарапқа дереу хабар беру түрінде болуы мүмкін (мысалы бақылау органына, қорғаушыға), хабар беру барысында ұсталғанның орналастырылатын жері немесе ұстау барысының көлік жабдығымен немесе басқа бейне-жабдықпен түсірілген бейне көрнекілігі берілуі керек, жазба жасалған уақыт көрсетілуі керек және жедел арада оны бақылау органына беру керек.

Басқа маңызды кепілдік ұсталған тұлғалар мен ішкі істер органына басқа да келушілерді міндетті тіркеу болып табылады.

Осыған байланысты «облыс орталықтары мен ірі қалалардың ішкі істер органдарына келушілердің электрондық тіркелу тәртібі туралы Нұсқаулықтың» қабылдануы қуантады<sup>71</sup>, Қазақстанның Бас Прокуратурасы мен ішкі Істер Министрлігі бірлесе отырып 2012 жылдың соңында қабылдады. Нұсқаулық ішкі істер органдарына азаматтардың жеткізілуі (келуі) барысындағы конституциялық құқықтарын сақтау ыбағытталған. Нұсқаулыққа сай тұлғаның ішкі істер органдарында электрондық тіркеу мәліметтері бойынша «үш сағаттан (жеткізілгендерге қатысты) немесе төрт сағаттан (келушілердің басқа санатына қатысты) артық болуы» кезекшіні «бұл туралы дереу жедел кезекшіге хабарлауға» міндеттейді, ол да «дереу арада» «анықтау органының бастығына және кезекші прокурорға» осы туралы хабарды «ішкі істер органына келушілердің заңда бекітілген уақыттан тыс болуын анықтау және оның алдын алу мақсатында» береді. «Мұндай жағдайлардың заңсыз немесе негізсіз болуы анықталатын жағдайларда» кезекші прокурор азаматтардың бұзылған құқықтарын қалыпқа келтіруге бағытталған шаралар қолдануға міндетті және бұл туралы жоғары лауазымды прокурорға хабар беруге міндетті.

<sup>71</sup> Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының 25.12.12 № 156 және Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігінің 25.12.12 № 697 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

Осы электрондық есеп жүйесінің деректер қорына кезекші келушілер туралы мәліметтерді енгізуге міндетті (келушінің санаты, келген (жеткізілген) күні мен уақыты, қабылдаушы (жеткізген) тұлғаның тегі мен лауазымы, келуші апарылатын (жеткізілетін) қызметтік бөлмесінің нөмірі, келуге (жеткізуге) негіз). Деректер қорын жаңарту Нұсқаулыққа сай әр 3-сағат сайын жүзеге асырылады.

Бұл бастама қолдау тауып отыр. Тек қана оны құқық қорғау органдарының басқа да түрлеріне, олардың барлық бөлімшелеріне, елдің барлық территориясына тарату абзал, «облыс орталықтары мен ірі қалалармен» шектелмеу керек.

Сонымен қоса тергеу изоляторларының қайтарылуы керек, ҰҚК азаматтық министрлік қарауына берілуі тиіс. Тұтқындау түріндегі еркіндігін шектеу қолданған айыптылардың қылмыстық қуадалу органдарының қарамағында болуына жол беормеу керек. Бұл айыпсыздық презумпциясының талабын бұзады, соған қоса саяси және азаматтық құқықтар туралы Халықаралық пактінің 14-бабын бұзады, БҰҰ азаптауға қарсы Конвенциясының 2-тармағында қарастырылған міндеттемелердің орындалмауы болып саналады.

### **3. Бостандықтан айыру орындарындағы зорлық-зомбылық**

Зорлық-зомбылықтың жиі орын алуына ықпал ететін тағы бір жағдай бас бостандығынан айыру орындарында болу.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы зорлық-зомбылық әдетте тәртіп бұзғандық үшін жазалау түрінде жасалады, демек сотталғандардың өзін-өзі ұстау тәртібі, болмаса бағынбауы немесе тыңдамауы үшін жаза түрінде көрсетіледі.

Сотталғандарға қатысты заңсыз қарым-қатынастың неғұрлым кең етек алған түрлері мыналар:

- сотталғандардың үлкен тобын олардың біреуі кез-келген, тіпті мардымсыз тәртіп бұзғандық үшін жәбірлеу, ұрып-соғу және жазалау;
- әкімшілікпен байланысы бар әр түрлі заңсыз ұйымдарға еруге мәжбүрлеу;
- әскери тәртіптерге бағындырту: зорықтыратын жүгіріс, ұжыммен ән айту, нәтижесіз жұмыс жасау (ор қазу және қайта көму және т.б.).

Заңға қарсы осындай талаптарға бағынбау бас бостандығынан айыру орындарындағы қудалауға ұшыратады: ұрып-соғу, жәбірлеу, азаптау, айыппұл изоляторларына және камералық орындарға жабу.

Сотталғандардың арыздарының қылмыстық тергеуге ұласатын жағдайлары да жиі кездеседі. Әдеттегіше, барлығы ішкі тексерумен аяқталады, осындай тексеріс қорытындылары бойынша сотталғандардың арыздары негізсіз деп танылады.

Ал сотталғандардың өздері шағымданудың бекер екендігін айтады: олардың шағымдары тексерілмейді; мекеме қызметкерлерінің еріктіліктері мен жазасыздықтарын айтады; әкімшілік тарапынан болатын қыспақтан қорқады; зорлық-зомбылық айғағын, шағымда көрсетілген тұлғаның айыбын сотталғанның өзінің дәлелдей алуы өте қиын (сотталғандардың зорлық-зомбылық белгілерін түсіріп алу мүмкіндіктері болмағандықтан мәселе қиындай түседі немесе қоғамдық бақылау комиссиясының көмегіне жүгіне алмайды). Соған қоса сотталғандар мен қамалғандар өорлық-зомбылық көргенде, жәбірленгенде немесе ауыр дене жарақаттарын алғанда жүгінуге болады деп үміттенетін мекемедегі медицина қызметкерлерінің әрекетсіздігі мен аяусыздығына шағымданады.

БҰҰ азаптау, зорлық-зомбылық көрсету, жәбірлеу мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы 2009 жылғы қызметтік сапары аяқталғаннан кейін «де-факто шағым берудің жұмыс жасайтын механизмі жоқ» деген қорытынды жасады.

Осыған байланысты шағым берудің және сотталғандардың арыз-шағымдарын қараудың тиімді жүйесі ең алдымен қамаудағы немесе өміріне қол сұқпау және қадір-қасиетіне нұқсан келтірмеуді талап етуден айырылған тұлғаларды қорғау кепілдігін қамтамасыз ету үшін қажет деген ой туады.

Қамаудағылардың сыртқы органдарға жасырын түрде арыз-шағым беру құқығы болуы керек, бұны еуропалық және <sup>66</sup> халықаралық нормалар да <sup>67</sup> талап етеді. Әр шағымның дереу қаралуы тиіс. Арыз-шағымға берілетін жауаптың да негізді, керек жағдайда алдағы уақытта да шағымдануға мүмкіндік беретіндей болуы керек. Тексеру және тергеу жүргізу уақытында қамалғандарды басқа орынға, оларға лауазымды тұлғалар тарапынан қысым көрсетілмейтін жерге ауыстыру керек.

Осылайша, қамалғандар мен сотталғандардың азаптаудан еркін болуына қатысты құқықтарына нұқсан келтірмеуді қамтамасыз ету үшін қамалғандардың зорлық-зомбылыққа қатысты шағымдарын кедергісіз тиісті органға жеткізу, тиісті және әділ қарау механизмін қалыптастыру керек.

#### **IV. Ұсыныстар**

Адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу мақсатында, қылмыстық іс үрдісі қатысушыларының, бостандығынан айырылған тұлғалардың, сондай-ақ жеке адамның құқықтарын қамтамасыз ету үшін және халықаралық құқықтық міндеттемелердің орындалуы үшін Қазақстанға төмендегі ұсыныстар жасалады:

**1.** Қазақстанның заңнамасында «нақты ұстау», «ұстау уақыты», «хаттама жасау уақыты», «ұсталған», «қылмыстық іс жасағандық бойынша сезікті», «ұсталған сезікті», «сезікті» ұғымдарын өзара келістірместен азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық пактінің 9 және 14-баптарында қарастырылған бас бостандығынан айырылған тұлғалардың құқықтарының кепілдігі туралы сөз қозғау орынсыз.

**2.** Азаптаудан сақтау кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін ҚР ҚІК 68-бабында қарастырылған (олар халықаралық стандарт талаптарына толық сәйкестендіретін болса<sup>68</sup>), ұсталған тұлғаларға нақты ұсталған уақыттан бастап берілуі тиіс.

---

<sup>72</sup> Еуропалық абақты ережелері. Еуролпа Кеңесі Министрлері Комитетінің қатысушы мемлекеттерге Ұсыныстары Rec(2006)2, қаңтар, 2006 жыл.

<sup>73</sup> Қамалғандарға қарым-қатынас бойынша минималды талаптар. Біріккен Ұлттар Ұйымының қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Конгрессінде қабылданған, Женевада 1955 жылы өтті, Экономикалық және Өлеуметтік кеңес 663 резолюциясымен бекіткен С (XXIV), «31» шілде, 1957 жыл және 2076 (LXII) «13» мамыр, 1977 жыл.

<sup>74</sup> Мысалы, 68 Қандай түрде болмасын ұсталған немесе қамауға алынған тұлғалардың барлығын қорғау қағидаттарының жиынтығын қараңыз, БҰҰ Бас Ассамблеясының 43/173 резолюциясымен қабылданған, «9» желтоқсан, 1988 жыл (АҚЕК).



**3.** Жедел іздестіру шараларын орындау барысында зорлық-зомбылықтан қорғау кепілдіктерін заңда қарастырып, тәжірибе жүзінде қамтамасыз ету керек:

- a) Жедел іздестіру шараларының объекттері болып талыатын тұлғаларға зорлық-зомбылықтардан қорғау кепілдіктерінің берілуі тиіс, олардың «қандай да болмасын үлігіде ұсталатын немесе қамауға алынатын тұлғаларға»<sup>69</sup> қатысты орын алуы мүмкін. осындай тұлғалардың іс жүргізушілік мәртебесін нақыталу керек.
- b) Адамның қадір-қасиеті мен ар-намысына нұқсан келтіруі мүмкін жедел іздестіру шаралары, мысалы: жауап алу, тінту, ұстау, тұтқындау – прокурордың міндетті санкциясы негізінде орындалуы керек, соттың санкциясы болса одан да орынды.
- c) «Жедел іздестіру қызметі» туралы Заңның өзінде әр түрлі мағына, түсініксіздік және анықталмаған нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеменің болмауы керек. Жедел іздестіру қызметіне негіз деп танылған жағдаяттардың барлығының құжат түріндегі растамасының болуы тиіс.

**4.** Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексті зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша нақты кепілдіктермен толықтыру керек, атап айтсақ, ұсталған уақытында өзінің құқықтарымен таныстыруды талап ету, ұсталғанның таңдауы бойынша өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған орны туралы үшінші тарапқа хабар беру құқығын беру керек, сондай-ақ ұстауға алу хаттамасын жасау мен хаттама жасау орнына жеткізу уақытын нақтылау керек.

**5.** Наұқты ұстауды тіркеудің үшінші тарапқа дереу хабар беру түрінде болуын заңда қарастырып, іс жүзінде қамтамасыз ету керек (мысалы бақылау органына, қорғаушыға), хабар беру барысында ұсталғанның орналастырылатын жері немесе ұстау барысының көлік жабдығымен немесе басқа бейне-жабдықпен түсірілген бейне көрнекілігі берілуі керек.

**6.** Барлық құқық қорғау органдарында, олардың барлық бөлімшелерінде, елдің түгел территориясында ішкі істер органдарына келушілердің тіркелуінің электрондық жүйесін қалыптастыру қажет.

**7.** Тергеу изоляторларын азаматтық министрлік ақарауына қайтару керек (ҰҚК– тапсыру керек).

**8.** Жазаны орныдау жүйесі мекемелерін медициналық қызметпен қоса азаматтық басқаруға беру керек.

**9.** Қамалғандар мен сотталғандардың азаптаудан еркін болуына қатысты құқықтарына нұқсан келтірмеуді қамтамасыз ету үшін қамалғандардың зорлық-зомбылыққа қатысты шағымдарын кедергісіз тиісті органға жеткізу, тиісті және әділ қарау механизмін қалыптастыру керек:

- a) Қамаудағылардың сыртқы органдарға жасырын түрде арыз-шағым беру құқығы болуы керек.
- b) Әр шағымның дереу қаралуы тиіс.
- c) Арыз-шағымға берілетін жауаптың да негізді, керек жағдайда алдағы уақытта да шағымдануға мүмкіндік беретіндей болуы керек.
- d) Тексеру және тергеу жүргізу уақытында қамалғандарды басқа орынға, оларға лауазымды тұлғалар тарапынан қысым көрсетілмейтін жерге ауыстыру керек.

**2013 ж. Ақпан**

---

<sup>75</sup> 50 қараңыз.